



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫ

ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ

колледж бітірушілері үшін

Астана, 2023

Ұлттық бірыңғай тестілеу - 2023

«Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсуге арналған іріктеу емтихандарының бір нысаны»

(ҚР «Білім туралы» Заңы, 1 б., 56 т.)

- ✓ ҰБТ "1 тестіленуші – 1 компьютер – 2 камера" қағидаты бойынша өткізіледі.
- ✓ Түсушілер тестілеу орнын (аймақтық тестілеу орталығын - АТО), күнін және уақытын өз бетінше таңдай алады.
- ✓ Бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмалары қолданылады.
- ✓ Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тест тапсырмалары қолданылады.
- ✓ Тестілеу нәтижесі тестілеу аяқталған соң бірден беріледі.
- ✓ Апелляцияға мазмұны бойынша өтініштер тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде беріледі.
- ✓ Техникалық себептер бойынша өтініштер тестілеу барысында беріледі.



ЖОО-да ОҚУЫН ЖАЛҒАСТЫРТЫН КОЛЛЕДЖ БІТІРУШІ НЕНІ БІЛУІ КЕРЕК




Ескерту: *ЖОО қабылдау комиссиялары жүзеге асырады.

КОЛЛЕДЖ БІТІРУШІ НЕНІ БІЛУІ КЕРЕК?

Қысқартылған оқу мерзімі бойынша сұрақтар:

- 1) Колледждегі біліктілігіңіз Сіз таңдаған Жоғары білім беру бағдарламалары топтарына сәйкес келе ме?**
- 2) Сіз таңдаған жоғары білім бағдарламалары топтары бойынша қысқартылған оқу мерзімі қарастырылған ба?**
- 3) Жоғары білім бағдарламалары бойынша қысқартылған оқу мерзіміне грант бөлінген бе?**
- 4) ҰБТ форматы және қандай пәндері тапсыратын?**



Жауабы:

- 1) «Жоғары білімнің мәндес білім беру бағдарламалары топтары мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім мамандықтарының сәйкестігі жөніндегі әдістемелік ұсынымдары» (ҚР БҒМ 01.04.2019 ж. №134 бұйрығы) арқылы ТЖКБ мамандықтары мен ЖОО мамандықтарының сәйкестігін анықтау;**
- 2) ЖОО-лардың сайттары немесе қабылдау комиссиясы арқылы білім бағдарламалары топтары бойынша қысқартылған оқу мерзімі қарастырылған ба әлде жоқ па, білу;**
- 3) Мемлекеттік білім беру тапсырысын қарау (сайтта жарияланады);**
- 4) Екі пән бойынша ҰБТ тапсырады:**
 - жалпыкәсіптік пәндер;
 - арнаулы пәндер.**ЖОО-дағы білім беру топтарына сәйкес жалпыкәсіптік және арнаулы пәндер тізбесі бекітіледі (ҚР БҒМ 02.05.2017 ж. №204 бұйрығы . 2-қосымша).**

ҰБТ МЕРЗІМІ

Қысқартылған оқу мерзімін таңдағандар үшін



Толық оқу мерзімін таңдағандар үшін

Өтініш беру мерзімі

Тестілеу мерзімі

28 сәуір - 14 мамыр аралығы

16 мамыр - 5 шілде аралығы

Өтініш беру мерзімі

Тестілеу мерзімі

20 ақпан мен 10 наурыз аралығы

1 - 31 наурыз аралығы

28 сәуір - 14 мамыр аралығы

16 мамыр - 5 шілде аралығы

15 мен 30 шілде аралығы

10 - 20 тамыз аралығы

ҰБТ-ҒА ӨТІНІШ БЕРУ

ҰБТ-ға онлайн түрде Орталықтың сайты арқылы <https://app.testcenter.kz/> сілтемесі бойынша ТІРКЕЛЕДІ.

Өтініш беру рәсімі:

- 1) <https://app.testcenter.kz/> сайтына кіру және интерфейс тілін таңдау;
- 2) электрондық поштаны көрсете отырып, тіркеуден өту (электрондық поштаға келген хат арқылы міндетті түрде электрондық поштаны растау қажет);
- 3) алынған логин мен пароль арқылы авторизациядан өту (логин мен пароль бар хатты тестілеу басталғанға дейін жоюға болмайды);
- 4) ЖСН көрсету және іздеу батырмасын басу (тегі, аты және әкесінің аты автоматты түрде шығады), байланыс телефоны нөмірін көрсету;
- 5) «Өтініш беру» бөлімін таңдап, қатысушы санатын көрсету;
- 6) қажетті тіркеу деректерін толтыру және келесі мәліметтерді таңдау:
 - тапсыру тілі;
 - бейіндік пәндер комбинациясы;
 - тестілеу күні, уақыты, орны және міндетті түрде ережелермен танысу;
- 7) тестілеу үшін қалаған төлем әдісін таңдап, төлем жасау;
- 8) «Менің іс-әрекетім» бөлімінде төлем жасағаннан кейін, қажет болған жағдайда өтінішке өзгеріс енгізуге мүмкіндік бар.

Қысқартылған оқу түрін таңдағандар ТЖКБ-да бітірген мамандығының біліктілік шифры мен атауын енгізіп, мәндес білім беру бағдарламасы (ББТ) тобын таңдайды. Таңдаған ББТ-ға сәйкес жалпы кәсіптік және арнаулы пәндері ұсынылады.

Тестілеу құны – 4 230 теңге.

ҰБТ ФОРМАТЫ

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ОҚУ МЕРЗІМІНЕ ТАПСЫРАТЫНДАР ҮШІН

ТЕСТ
ТАПСЫРМАСЫ

20 • ЖАЛПЫКӘСІПТІК
ПӘН

40 • АРНАУЛЫ ПӘН

ТЕСТ
ТАПСЫРМАЛ
АРЫ САНЫ

60

БАЛДАРЫ

70

ТЕСТІЛЕУ
ҰЗАҚТЫҒЫ: 120 минут (2 САҒАТ).

ТОЛЫҚ ОҚУ МЕРЗІМІНЕ ТАПСЫРАТЫНДАР ҮШІН

ТЕСТ
ТАПСЫРМАСЫ

15 • ОҚУ САУАТТЫЛЫҚ
15 • МАТЕМАТИКАЛЫҚ
САУАТТЫЛЫҚ

20 • ҚАЗАҚСТАН
ТАРИХЫ

35 • 1-БЕЙІНДІК ПӘН
35 • 2-БЕЙІНДІК ПӘН

ТЕСТ
ТАПСЫРМАЛ
АРЫ САНЫ

120

БАЛДАРЫ

140

ТЕСТІЛЕУ
ҰЗАҚТЫҒЫ: 240 минут (4 САҒАТ).

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ақылы оқуға қабылдау үшін шекті балл*

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ОҚУ МЕРЗІМІНЕ ТАПСЫРАТЫҢДАР ҮШІН

- ЖЖОКБҰ-ға – кемінде 25 балл;
- "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша – кемінде 35 балл.

ТОЛЫҚ ОҚУ МЕРЗІМІНЕ ТАПСЫРАТЫҢДАР ҮШІН

- Ұлттық ЖЖОКБҰ-ға – кемінде 65 балл;
 - "Педагогикалық ғылымдар" және «Құқық» білім беру саласы бойынша – кемінде 75 балл;
 - "Денсаулық сақтау" білім беру саласы бойынша – кемінде 70 балл;
 - "Ауыл шаруашылығы және биоресурстар", "Ветеринария" білім беру салалары бойынша – кемінде 60 балл;
- Басқа ЖЖОКБҰ-ға – кемінде 50 балл;
 - "Педагогикалық ғылымдар" және «Құқық» білім беру саласы бойынша – кемінде 75 балл;
 - "Денсаулық сақтау" білім беру саласы бойынша – кемінде 70 балл.

Бұл ретте ҰБТ-ның әр пәні бойынша және (немесе) шығармашылық емтиханнан кемінде 5 балл алу қажет.

Тестілеудің уақыты мен үзілістер

	ҰБТ форматы	Тестілеу уақыты	Үзілістер
1	5 пән/ Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы және екі бейіндік пән	240 минут	✓ 60 минуттан кейін (1 сағат) – 3 мин. ✓ 120 минуттан кейін (2 сағат) – 2 мин. ✓ 180 минуттан кейін (3 сағат) - 3 мин.
2	2 пән/ Қазақстан тарихы мен оқу сауаттылығы (шығармашылық)	70 минут	үзіліссіз
3	4 пән (IELTS және басқа да халықаралық сертификаттар)	240 минут	✓ 60 минуттан кейін (1 сағат) – 3 мин. ✓ 120 минуттан кейін (2 сағат) – 2 мин. ✓ 180 минуттан кейін (3 сағат) - 3 мин.
4	2 пән (жалпы кәсіптік және арнайы пән) <i>қысқартылған оқу мерзіміне түсу үшін</i>	120 минут	60 минуттан кейін (1 сағат) – 2 мин.
5	1 пән/ арнайы пән (шығармашылық) <i>қысқартылған оқу мерзіміне түсу үшін</i>	80 минут	үзіліссіз
6	1 пән/ жалпы кәсіптік пән (IELTS және басқа да халықаралық сертификаттар) <i>қысқартылған оқу мерзіміне түсу үшін</i>	120 минут	60 минуттан кейін (1 сағат) – 2 мин.
7	2 бейіндік пән	130 минут	60 минуттан кейін (1 сағат) – 2 мин.
8	1 бейіндік пән (IELTS және басқа да халықаралық сертификаттар)	130 минут	60 минуттан кейін (1 сағат) – 2 мин.

Ескерту: Ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін (көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған) тестілеуге қосымша 40 минут уақыт беріледі.

ҰБТ-да АПЕЛЛЯЦИЯҒА ӨТІНІШ БЕРУ

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША

- дұрыс жауап дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келмеген;
- дұрыс жауап болмаған;
- бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларында бірден көп дұрыс жауап болған;
- тест тапсырмасы дұрыс құрылмаған жағдайларда.

Апелляцияға өтініш тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут аралығында беріледі

ТЕХНИКАЛЫҚ СЕБЕП БОЙЫНША

- тест тапсырмасының шартында дұрыс жауапты анықтауға қажетті фрагменттің (мәтін, сызбалар, суреттер, кестелер) жоқтығын анықтаған жағдайда.

Техникалық себеп бойынша апелляцияға өтініш тестілеу барысында беріледі.

Экрандағы «техникалық апелляция» қосымшасына белгі қояды (скриншот жасайды).

ҰБТ-ДА ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ЗАТТАР



ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫС ҚҰРАЛДАРЫН (ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОНДАР, ПЛАНШЕТТЕР, РАЦИЯЛАР)



НОУТБУКТЕР, ПЛЕЙЕРЛЕР, МОДЕМДЕР (МОБИЛЬДІ РОУТЕРЛЕР), СМАРТ САҒАТТАР, ФИТНЕС БРАСЛЕТ (ТРЕКЕР)



РАДИО-ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҢ КЕЗ-КЕЛГЕН ТҮРЛЕРІ (WI-FI, BLUETOOTH, DECT, 3G, 4G, 5G, VHF, UHF, GPS)



СЫМДЫ ЖӘНЕ СЫМСЫЗ ҚҰЛАҚҚАПТАР, МИКРОҚҰЛАҚҚАПТАР, СЫМСЫЗ БЕЙНЕКАМЕРАЛАР, GPS НАВИГАТОРЛАР, GPS ТРЕКЕРЛЕР, ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ



ШПАРГАЛКАЛАР, ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ӘДЕБИЕТТЕР, МЕНДЕЛЕЕВ КЕСТЕСІ ЖӘНЕ ТҰЗДАРДЫҢ ЕРІГІШТІГІ КЕСТЕСІ



КАЛЬКУЛЯТОРЛАР

(Бұл ретте тестілеу өткізілетін компьютердің интерфейсіндегі калькуляторларды, Менделеев кестесін және тұздардың ерігіштігі кестесін пайдалануға рұқсат етіледі)

ТҮСУШІГЕ РҰҚСАТ ЕТІЛМЕЙДІ:

- ✓ аудиториядан (компьютерлік сыныптан) дәліз кезекшісінің функциясын атқаратын тестілеу администраторының рұқсатынсыз және алып жүруінсіз шығуға;
- ✓ аудиториядан (компьютерлік сыныптан) 10 минуттан артық шығуға;
- ✓ сөйлесуге, орын ауыстыруға;
- ✓ құжаттармен және түсушіге жұмыс үшін берілген А4 форматындағы парағымен алмасуға;
- ✓ ғимаратқа және аудиторияға (компьютерлік сыныпқа) оқу-әдістемелік әдебиеттерді, Менделеев кестесін және тұздардың ерігіштігі кестесін, калькулятор, фотоаппарат, ақпараттарды тасымалдау функциясымен жабдықталған кез келген ұялы байланыс құралдарын (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон), рациялар, ноутбуктер, плеерлер, модемдер (мобильді роутерлер), смарт сағаттар, сымды және сымсыз құлаққаптар және басқа да микроқұлаққаптар), сымсыз бейнекамераларды, GPS (ДжиПиЭс) навигаторларды, GPS (ДжиПиЭс) трекерлерді, қашықтан басқару құрылғыларын, сондай-ақ келесі стандарттарда жұмыс істейтін басқа да ақпарат алмасу құрылғыларын: GSM (ДжиСим), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), VHF (ВиЭйчЭф), UHF (ЮЭйчЭф), Wi-Fi (Вай-фай), GPS (ДжиПиЭс), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект) және тағы басқалар, шпаргалкаларды алып кіруіне және қолдануына;
- ✓ тестілеу алдында немесе тестілеу кезінде шулауға;
- ✓ тестілеу басталар алдында берілген А4 форматындағы қағаздарын өзімен бірге алып кетуге;
- ✓ тестілеу тапсырмаларының мазмұнын талқылауға және жария етуге;
- ✓ тестілеуге пайдаланылатын техникаға және қауіпсіздік жүйесіне қасақана зиян келтіруге;
- ✓ тестілеу жүйесіне араласу әрекетіне және тестілеуден өтуге байланысты өзге де бұзушылықтарға рұқсат етілмейді.

2021-2022 жылдардағы ҰБТ кезіндегі ереже бұзушылықтар

	2021 жыл	2022 жыл
ТЕСТІЛЕУГЕ ҚАТЫСУШЫЛАР САНЫ	267 676	276 047
ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ЗАТТАР САНЫ	2 202	673

ТЕСТІЛЕУГЕ ЖІБЕРІЛМЕГЕН ЖӘНЕ ТЕСТІЛЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖОЙЫЛҒАН ТҮСУШІЛЕР:	2021 жыл	2022 жыл
ЖАЛҒАН ТҮЛҒАЛАР	22	1
ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ЗАТТАРДЫ АЛЫП КІРУГЕ ТЫРЫСҚАНЫ ҮШІН (ҒИМАРАТҚА КІРГЕН КЕЗДЕ)	787	327
ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ЗАТТАРДЫ ПАЙДАЛАНҒАНЫ ЖӘНЕ ТЕСТІЛЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІН БҰЗҒАНЫ ҮШІН (ТЕСТІЛЕУ КЕЗІНДЕ)	1829	319
ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ЗАТТАРДЫ ПАЙДАЛАНҒАНЫ ЖӘНЕ ТЕСТІЛЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІН БҰЗҒАНЫ ҮШІН (ТЕСТІЛЕУДЕН КЕЙІН БЕЙНЕБАҚЫЛАУ ЖАЗБАЛАРЫН ҚАРАҒАННАН КЕЙІН)*	55	174
БАРЛЫҒЫ:	2693	821


***Ескерту:** 25 тамызға дейін түсушілердің бейнежазбалары мен тестілеу жүйесіндегі тіркеу файлдары (логтары) қаралады. Ереже бұзушылық анықталған жағдайда ҰБТ нәтижесі мен білім беру грант куәлігі жойылады.

Республика бойынша аймақтық тестілеу орталықтар (АТО) саны – 43*



Ескерту: *АТО-лар саны өзгеруі мүмкін!

БІЛІМ БЕРУ ГРАНТЫ КОНКУРСЫ БОЙЫНША



Ескерту: Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдауды ЖОО-ның қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

*Мерзімде өзгерістер болуы мүмкін, ол туралы ҚР ҒЖБМ интернет ресурстарында, бұқаралық ақпарат құралдарында хабарланады.

** "Педагогикалық ғылымдар" және "Денсаулық сақтау" білім беру саласы ББТ-ларына түсу үшін жүргізілетін емтихандар

2022 жылғы Конкурс нәтижелері (қысқартылған оқу мерзімі бойынша)

Грант бөлінген ББТ-лар саны - 66

Бөлінген грант саны - 1579

Конкурсқа өтініш бергендер саны - 1554

Грант алғандар саны – 1213 *

*Ескерту: * басқа ББТ-лардан ауысқан гранттар санын қосқанда*

ҰБТ бойынша интернет ресурстар



<http://testcenter.kz/>



<https://www.facebook.com/testcenterkz/>



<https://www.instagram.com/testcenterkz/>



<https://vk.com/testcenterkz>



www.youtube.com/channel/UCzmZObVJTezesGyIEKw6h-Q